Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі» КММ

«БЕКІТЕМІН»
№5 мектеп-лицей директоры
Б.Дуйсенбаев
«31» тамыз 2026ж.

2026–2027 оқу жылына арналған орта білім беру ұйымдарының ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары

Директордың бейінді оқыту орынбасары
Т.Тастаева

Қызылорда, 2026 ж

Мектеп-лицей жұмысының әдістемелік тақырыбы:

«Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы педагогтердің ақпараттық және кәсіби құзыреттілігін дамыту»

Әдістемелік жұмыстың мақсаты:

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын білім беру процесіне тиімді енгізу арқылы педагогтердің ақпараттық, цифрлық және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, оқыту сапасын арттыру.

Міндеттері

- Педагогтерді жасанды интеллект құралдарымен (ChatGPT, Copilot, т.б.) таныстыру және қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- Оқыту үдерісіне ЖИ негізіндегі инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу;
- Педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру және заманауи білім беру технологияларын меңгерту;
- Сабақ сапасын арттыруда деректерге негізделген (data-driven) тәсілдерді қолдану;
- ЖИ арқылы білім алушылардың жеке білім траекториясын ұйымдастыру;
- Әдістемелік бірлестіктер жұмысын цифрландыру және тәжірибе алмасу алаңдарын дамыту;
- Педагогтердің кәсіби дамуын мониторингтеу және қолдау жүйесін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- Педагогтердің кемінде 80%-ы ЖИ құралдарын сабақта тиімді қолданады;
- Әр мұғалімде цифрлық және ЖИ-мен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;
- Сабақтарда интерактивті, дербестендірілген оқыту үлесі артады;
- Оқушылардың оқу жетістіктері мен функционалдық сауаттылығы жоғарылайды;
- Мұғалімдердің авторлық цифрлық өнімдері (презентация, тапсырма, ЖИ-сценарий) көбейеді;
- Әдістемелік жұмыс жүйесі жаңарып, тәжірибе алмасу мәдениеті қалыптасады;
- Мектепте «цифрлық педагог» моделі қалыптасады.

2025–2026 оқу жылындағы мақсаттар

Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқыту үдерісіне **жасанды интеллект (ЖИ) және цифрлық технологияларды тиімді енгізу**;

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту әдістерін жетілдіру;

Педагогтердің ақпараттық, цифрлық және кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде арттыру;

Білім алушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, **саралап және дербестендірілген оқытуды ұйымдастыру**;

- Заманауи білім беру трендтеріне сәйкес инновациялық әдіс-тәсілдерді зерттеу, енгізу және тиімділігін талдау;
- Мектептің әдістемелік тақырыбы аясында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды дамыту;
- Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында бағалаудың заманауи тәсілдерін (формативті, критериалды, деректерге негізделген талдау) жетілдіру;
- Педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін дамыту және кәсіби қауымдастықтағы тәжірибе алмасуды күшейту;
- Білім беру үдерісінде қауіпсіз, этикалық және жауапты цифрлық мәдениетті қалыптастыру.

Ғылыми-әдістемелік қызметтің мақсаты

Мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде заманауи білім беру технологияларын, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдануға бағытталған **ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету**, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату.

Міндеттері

- Педагогтерге ЖИ құралдарын (сабақ жоспарлау, бағалау, талдау) қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсету;
- Әдістемелік бірлестіктер жұмысын жаңғыртып, цифрлық форматта ұйымдастыру;
- Мұғалімдердің үздік тәжірибелерін анықтау, жинақтау және тарату;
- Коучинг, семинар, шеберлік сыныптар арқылы педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- Оқушылардың білім жетістіктерін жүйелі мониторингтеу және талдау;
- Авторлық бағдарламалар мен цифрлық білім ресурстарын әзірлеуді қолдау;
- Мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру (Lesson Study, Action Research);
- Білім беру сапасын арттыруға бағытталған тиімді кері байланыс жүйесін дамыту.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын іске асыру

	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты адам	эвалюация	Күтілетін нәтиже
	«Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K260000000	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
	• «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ. • Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230 https://surl.li/wzhifu	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
4	«Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 576 қаулысы.	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000576	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
5	«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жоба туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 5 маусымдағы № 159-НҚ бұйрығы	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan.kz/rus/docs/G26HP000159	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
6	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
7	«Орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G26HP000213	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі

	туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 29 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығы				
	«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы»» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы	Жыл бойы	Мектеп ұжымы Сынып жетекшілер	Нормативті құжаттар https://uba.edu.kz /qaz/nauka/9 Бақылау, басшылық	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі. Талаптар орындалады.
9	«Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	https://adilet.zan. kz/kaz/docs/V200 0020486	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
10	«Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы	Қыркүйек-қазан	Кітапханашылар	Бұйрықтарды басшылыққа алу https://adilet.zan. kz/kaz/docs/V200 0020708	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі
11	«Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №354 бұйрығы	Жыл бойы	Мектеп ұжымы	Нормативті құжаттар https://adilet.zan. kz/kaz/docs/V220 0029187	ҚР нормативтік құқықтық актілерімен жұмыс жүргізіледі

	• Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы • «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы • «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы	Тоқсан сайын		Бақылау, басшылық https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767	Оқу бағдарламаларының орындалуы бақыланады.
13	«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Білім сапасын анықтау https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317	Аралық және қорытынды аттестаттау жұмыстары жүргізіледі.

• «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы • «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы • «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы			https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420	
• «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер, ғылыми жобалардың халықаралық конкурстарының жеңімпаздары, оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы • «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және			https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013088	

	ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы • «Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысушылар құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы№ 45 бұйрығы				
16	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы	сұраныс	Жоспар бойынша	Жабдықтау https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272	Лабораториялық жабдықтармен толықтырылады.
17	Оқу кабинеттерін дидактикалық материалдармен толықтыру.	жабдықтау	Жыл бойы	толықтыру	Дидактикалық материалдардың картотекасы жасалады.
18	Лабораториялық кабинеттердегі қауіпсіздік шараларын сақтау, қажетті құралдармен толықтыру.	жабдықтау	үнемі	жабдықтау	Қажетті құралдармен қамтылады.

Білім беруде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, аттестациялау, еңбегін қолдау мен ынталандыру шаралары

Мақсаты: Педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға негізделген іс әрекеттерді жоспарлау.

Педагог кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру

Р/с	Орындалатын жұмыстар	түрі	мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	«Білім сапасы - оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралы» тақырыбында зерттеу жұмысын жандандыру.	Зерттеу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі	Зерттеу жұмысының кезеңдері іске асырылады.
2	Мектепішілік әдістемелік бірлестігінің негізгі жұмыс бағыттары, әдістемелік зерттеу тақырыптары бойынша жұмыстарын жетілдіру.	Шығармашылық жұмыс	үнемі	Т.Тастаева	Әдістемелік бірлестіктерінің негізгі жұмыс бағыттарын жетілдіру.
3	Магистр жұмысын жандандыру	Семинар, кеңес беру, коррекциялық жұмыстар, шебер-сыныптар	үнемі	Т.Тастаева	Педагогтердің әдістемелік шеберлігі дамиды.
4	Озат шығармашылық тобының жұмысын жандандыру	Лекция,семинар, шебер-сыныптар	Жоспар бойынша	А.Жанбосынова	Қоғамымыздың заң қарарлары мен саяси жаңалықтарынан хабар алады.
5	Шығармашылық тобының жұмысы арқылы оқытудың жаңа технологияларын іске асыру	Зерттеу,семинар, жинақ жасау	Жоспар бойынша	А.Сақтағанова	Оқытудың жаңа әдістерін зерттеу, жинақтау, тарату.
6	Педагогикалық озат тәжірибелерді зерттеу және жалпылау. Озат мұғалімдер тобы жұмысын насихаттау	Зерттеу, семинар, жинақ жасау, коучингтер	Жоспар бойынша	Р.Кузембаева Г.Садыкова	Озат тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату.
7	Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, олардың өз білімін жетілдіру жұмыстарына басшылық, ғылыми-педагогикалық семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру.	Семинар, конференция	Жоспар бойынша	Т.Тастаева	Мұғалімдердің құзырлылық деңгейін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүргізіледі.
8	«Зерде» шығармашылық желілік қауымдастығының жұмысын жандандыру	Зерттеу, эксперимент жасау	Жоспар бойынша	Н.Ющенко	Шығармашылық топтардың кәсіби қауымдастығы нығаяды.
9	Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жүйелеу, графигін жасау.	Біліктілігін арттыру	Жоспар бойынша	Т.Тастаева	Кәсіби біліктілігі жоғары мамандар қалыптасады.
10	Педагог кадрларды аттестациялау жұмыстары,мектепішілік аттестация жұмысын жоспарлау, аттестация графигін жасау.	аттестация	Жоспар бойынша	Т.Тастаева	Мұғалімдердің кәсіби деңгейі анықталады.

№5 мектеп-лицейі педагогтерінің қызметін әдістемелік сүйемелдеу
(педагог кадрлардің біліктілігін арттыру, аттестациялау,
еңбегін қолдау мен ынталандыру шаралары)

Түсінік хат

Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестікпен жүзеге асырылуы тиіс.

Мектептегі әдістемелік бірлестіктердің жұмысы педагогтердің кәсіби дамуы мен білім алушылардың оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және оқу нәтижелерін жақсартуға ұмтылу мақсатында бірлестіктердің жүйелі жұмысын қамтамасыз ету – басты мақсат.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарында пәндер бойынша оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған қажетті шараларды қарастыру ұсынылады. Атап айтқанда, білім алушылардың тақырыптық білім олқылықтарын анықтау және жою бойынша іс-шаралар, оқу мотивациясы төмен балалармен қосымша жұмыс, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс, цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқыту әдістері, білім алушылардың сыни ойлауын және зерттеу дағдыларын дамыту мәселелері қамтылуы тиіс.

Әдістемелік бірлестік шеңберінде сабақ өткізуге қатысты мәселелерді тұрақты түрде талқылап отыру, сабақ жоспарларын бірлесе әзірлеу, жекелеген білім алушылардың үлгеріміндегі оң және теріс динамикаларды талдау, оқу мотивациясы төмен балаларға қолдау көрсету бойынша қосымша шаралар қабылдау, сондай-ақ дарынды балалармен жұмыс жүргізу маңызды болып табылады.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың бір түрі – әдістемелік және ғылыми-әдістемелік материалдарды (авторлық бағдарламаларды) әзірлеу. Зерттеушілік қызметтің нәтижесінде педагогтердің кәсіби деңгейі артады, алынған білім өз тәжірибесін түрлі деңгейде таратуға, аттестациядан сәтті өтуге, кәсіби байқауларда танылуға мүмкіндік береді.

Педагогтер әзірлеген әдістемелік және ғылыми-әдістемелік материалдар (авторлық бағдарламалар) мектептегі әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік кеңестердің отырыстарында қарастырылып, оң қорытынды алғаннан кейін мектеп басшысы бекітеді. Бұл мақсатта барлық деңгейде «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы») Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 бұйрығына сәйкес әдістемелік кеңестер құрылады. Педагогтің әдістемелік материалдары мен әзірлемелері бойынша шешім әдістемелік кеңес отырысында кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданып, хаттамамен рәсімделеді.

Педагогтердің әдістемелік және ғылыми-әдістемелік материалдарын (авторлық бағдарламаларын) сараптау, жинақтау және республикалық деңгейде енгізу 2020 жылғы 29 желтоқсанда бекітілген Республикалық оқу-әдістемелік кеңес жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сараптамалық кеңестің отырыстары тоқсан сайын бір рет өткізіледі (https://uba. edu.kz/qaz/metodology/6).

Педагогтердің кәсіби шеберлік конкурстарына қатысуы олардың кәсіби дамуының маңызды шарты. «Үздік педагог», «Үздік авторлық бағдарлама», «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» және басқа да осындай конкурстар педагогтердің кәсіби деңгейін арттыруға, олардың әдістемелік және шығармашылық құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олим- пиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының мен спорттық жарыстардың тізімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген. Қажетті конкурс осы тізімде болмаса, қосымша ақпарат алу үшін өңірлік әдістемелік кабинетке (орталыққа) жүгінуге ұсынылады.

Педагогтердің біліктілігін арттыру үздіксіз білім берудің ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, кәсіби қызмет атқаратын педагогтер үш жылда кемінде бір рет білім беру білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалары бойынша курстардан өтуі қажет. Курстарды аяқтаған соң педагогтер жаңа алған білімдерін оқу-тәрбие процесіне енгізуі, тәжірибелерімен әріптестерімен бөлісуі және мектептегі әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысуы тиіс (https://www.gov.kz/memleket/entities/kdso/documents/2?lang=ru).

Жас педагогтердің кәсіби жолының басында оларға қолдау көрсету, олардың құзыреттерін дамыту және педагогикалық тәжірибенің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін олардың біліктілігін жүйелі түрде арттыру маңызды. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, орта білім беру ұйымында алғаш рет кәсіби қызметке кіріскен педагогқа оқу жылы бойы тәлімгерлік ететін педагог бекітіледі. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібі «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Осы құжатта тәлімгерлік процесін ұйымдастыру талаптары мен жағдайлары, мектеп әкімшілігінің, тәлімгердің және жас педагогтің міндеттері, тәлімгерлерді тағайындау және ауыстыру тәртібі және басқа да мәселелер айқындалған.

Тәлімгерлікті ұйымдастыру кезінде тәлімгерлік жоспарын әзірлеу, жас педагогтің кәсіби дайындығын диагностикалау және кәсіби дамуын қолдау, тәлімгер мен жас педагог арасындағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру сияқты бірқатар сұрақтар туындайды.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, аттестаттау рәсімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен (2025 жылғы 25 ақпандағы ҚР Оқу-ағарту министрінің №32 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес жүзеге асырылады (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317).

Педагог-зерттеушілер мен педагог-шеберлердің тәжірибесін тарату білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады

Әдістемелік жұмыстың тақырыбы: «Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы педагогтердің ақпараттық және кәсіби құзыреттілігін дамыту»

Әдістемелік жұмыстың мақсаты: Мектеп педагогтерінің кәсіби-тұлғалық әлеуетінің дамуына жетекшілік ету арқылы көшбастылық қасиеттерін дамыту; Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын білім беру процесіне тиімді енгізу арқылы педагогтердің ақпараттық, цифрлық және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, оқыту сапасын арттыру.

Міндеті:

1. Командалық жұмыс негізінде мектеп педагогтерінің әлеуеті мен педагогикалық шеберлігін арттыруына әрекеттік қолдау көрсету;

2. Мектепте инновациялық қызмет пен кәсіби құзыреттілікті жетілдірудің интерактивті кеңістігін құру, ұжымның интеллектуалды капиталын біріктіру арқылы кәсіби ынтамақтастықтан педагогтердің өзін-өзі жүйелі жетілдіруіне жету;

3. Зерттеу алаңдарын ұйымдастыру, мұғалімдерді эксперименттік жобаларға тарту, өз тәжірибелерін талдауға, жетілдіруге ықпал ету;

4. «Адал азамат» бағдарламасының мазмұны бойынша білім алушыларда отансүйгіштік, әділдік, еңбекқорлық, жауапкершілік, өзгелерге құрмет және өзін-өзі дамытуға ұмтылу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру

5. Командалық ынтымақтастық негізінде көшбасшы ұстаздар қатарын арттыру;

6. Цифрлық ресурстар мен платформаларды кеңінен қолдану, педагогтердің оқыту процесін жетілдіруде өзара көмек ұйымдастыру.

7. Педагогтердің цифрлық сауаттылығы, ЖИ этикасы және генеративті модельдер бойынша біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және әдістемелік қолдау көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

- әдістемелік қызметтегі өзара білім мен тәжірибе алмасу ортасы мұғалімдердің ағымдағы сұранысына бейімделеді;
- өзін-өзі оқытатын мектеп мәдениеті қалыптасады, мектеп оқытатын кәсіби қоғамдастық ретінде дамиды;
- оқыту сапасы артады, мұғалімнің өз пәні саласында білімі жинақталады, оқытудың инновациялық әдістерін енгізеді, цифрлық құзыреттіліктері дамиды;
- оқушылардың білімі артады, мұғалімдердің жұмыс істеу өнімділігі көтеріледі, жетістіктер саны артады;
- инновациялық жобалар негізінде оқушы-мұғалім әлеуеті артады, көшбасшы мұғалімдер мен оқушылар көбейеді.

Жұмыстың негізгі бағыттары	Іс – шаралар	Жауаптылары	Орындау мерзімі
1	2	3	4
"Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығы	Бұйрықпен танысып, педагогтарға қойылатын талаптарды нақтылау	Мектеп әкімшілігі Бірлестік жетекшілері Пән мұғалімдері	Жыл бойы
Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығымен.	Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларымен танысады	Сараптамалық комиссия	Жыл бойы
Зияткерлік конкурстар мен олимпиадалар, білім алушылардың шығармашылық конкурстары мен спорттық жарыстары, педагогтердің кәсіби конкурстары ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес (2021 жылғы 25 мамырдағы № 232 өзгерістермен) *«Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығына сәйкес «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған мұғалімдер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен ынталандырылады».*	Түрлі сайыстарға қатыстыру	Пән мұғалімдері	Жыл бойы
Мектепішілік әдістемелік пән бірлестігінің негізгі жұмыс бағыттары бойынша жұмыстары	Шығармашылық жұмыстарын жүйелеу	Т.Тастаева	Жыл бойы
«Зерде» озат шығармашылық кіші мектебінің жұмысын жандандыру	Коучингтер, шығармашылық зертхана	Н.Ющенко	Жоспар бойынша
Шығармашылық топтың жұмысы арқылы оқытудың жаңа технологияларын іске асыру	Әдістемелік семинар	Бірлестік жетекшілері	Ай сайын
Педагогикалық озат тәжірибелерді зерттеу және озат тәжірибе жұмысын тарату	Жинақтар,авторлық бағдарлама шығару	Пән мұғалімдері	Жоспар бойынша
Магистрлер мектебінің жұмысын жүйелеу	«Дарынды шәкіртке – талантты ұстаз»	А.Жанбосынова	Ақпан
Мұғалімдердің тәжірибе бөлісуін ұйымдастыру	вебинар, ғылыми-тәжірибелік	Пән мұғалімдері	Жоспар бойынша

	конференцияларға қатысу		
Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жүйелеу, циклограммасын жасау.	Курстарға қатысып, біліктілігін арттыру	Т.Тастаева	Жоспар бойынша
Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің сертификаттарын жинақтау	НОБД базасын толықтырып отыру	Бірлестік жетекшілері	Мерзімінде
Біліктілік санаттарын берудің (растаудың) перспективалық жоспарын жасау	біліктілік санаттарын алу, растау педагогтардың тізімін құру	Аттестациялық комиссия	Жыл бойы
2026 - 2027 оқу жылында аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімін қайта қарау, онлайн өтініш беру	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімі	Пән мұғалімдері	Мерзімінде
Бұйрық шығару: - мектепішілік аттестаттау комиссиясының құрамы туралы; - сараптама топ құрамы туралы; - біліктілік санаттары бойынша педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы	Аттестаттау комиссиясының құрамын, сараптама топ құрамын және біліктілік санаттары бойынша педагог қызметкерлердің тізімін құру	Мектеп директоры	Қыркүйек
Аттестаттау комиссиясы және сараптамалық топ мүшелерінің қызметтері мен міндеттерін бөлу	Комиссия мүшелерінің міндеттерімен таныстыру	Т.Тастаева	Қыркүйек
Аттестаттау кезіндегі жеке құжаттарын (портфолио) әзірлеуде нақты талаптарға сай орындау	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығы	Сараптамалық комиссия	Мерзімінде
Педагог- модератор, педагог -сарапшы, педагог- зерттеуші біліктілік санаттарына өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі. Тесттен өткен мұғалімдердің портфолиосын сараптамалық кеңесте қарау	Мұғалімдердің шығармашылық зертханасы	Пән мұғалімдері	Мерзімінде

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ

	Атқарылатын жұмыс түрлері		2026 - 2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстары
	Әдістемелік кеңес жұмыстары I отырыс		1. 2026 - 2027 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің өзекті мәселелерін талдау, жаңа оқу жылының міндеттері мен мақсаттарын айқындау. 2. ӘК жоспары мен әдістемелік апталықтардың жүргізілу мерзімін талқылау, бекіту 3. Күнтізбелік жоспарларына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары мен ЖИ элементтерін енгізу. 4. Мұғалімдерді 2026 - 2027 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру мекемелерінде ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру 5. Аттестациялық және сараптамалық кеңестің құрамын анықтау, бекіту.
2	**Пән бірлестіктерімен жұмыс**		1.Пән бірлестік жетекшілерін тағайындау, бұйрықпен бекіту. 2026-2027 жылында арналған пән бірлестіктерінің жылдық жоспарларын талдау, бекіту. 2.Тілдер мерекесіне байланысты қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестіктерінің апталығын жоспарлау, өткізу 3. **Дене шынықтыру бірлестігінің апталығы «Он қозғалыс, бір мақсат: Дені сау ұрпақ!»** 4.**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінің апталығы «Ана тілі – бабалар аманаты, ұрпақ парасаты»**
3	**Пән мұғалімдерімен жұмыс**		2026-2027 оқу жылында тақырыптық күнтізбелік жоспарларды ҰМЖ,ОМЖ түрінде жасалуы мен жүргізулерін қадағалау. Ашық сабақтар кестесін құру.
4	**Педагог қызметкердің біліктілігі мен білімін дамыту жұмыстары**	**Біліктілікті арттыру қызметі**	1. Пән мұғалімдерінің білім жетілдіру курстарынан өтудің перспективалық жоспарын жасау 2. Курстан өткен педагог кадрлардың сертификаттарын жинақтау, базаны жаңарту
		Педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары	1.Әр пән бірлестіктер бойынша педагог кадрлардың сандық - сапалық есебін алу 2. Аттестациялық комиссия мен сараптамалық топ құрамын бұйрықпен бекіту
		Кәсіби байқауларға қатысу	Педагогикалық ұжымның түрлі деңгейдегі кәсіби байқауларға қатысу туралы ұсыныстармен жұмыстар жүргізу.
5	**Қабілеті жоғары оқушылармен жұмыс**	**Оқушылардың ғылыми қоғамы**	**«Жас ғалым»** кіші мектеп бірлестігі мүшелерімен бірлесе жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу; Төрт бағыт бойынша ғылыми жобаға қатысатын оқушыларды іріктеу.
		Олимпиадалық резерв	**«Олимп»** кіші мектебінің жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Олимпиада резервінің тізімін анықтау. Пәндік олимпиадаға дайындық кестесін әзірлеу. Мектепішілік олимпиада ұйымдастыру.
		Зияткерлік сайыстар т.б	Интеллектуалды ойындарға, олимпиадаларға қатыстыру

	Инновациялық қызмет	**Шығармашыл мұғалімдер мен жас мамандар мектебі**	1. 2026-2027 оқу жылына **«Магистр»** мектебінің жоспарын талдау, бекіту. 2. ЖИ ҚМЖ-ға енгізу жолдары – семинар-сабақ ұйымдастыру
7	**Әдістемелік сүйемелдеу іс –шаралары**		**«Цифрлық ұстаз»** жобасы аясында жүргізілетін жұмыстарын талқылау, Жоба бойынша білім алушылар үшін қосымша сабақтарды ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері – оқыту сағаты

ҚАЗАН АЙЫ

р/с	Атқарылатын жұмыс түрлері		Жұмыс мазмұны
1	**Әдістемелік кеңес жұмыстары**		1. Педагогикалық ұжымның әлеуметтік мүмкіндіктерін зерттеу және анықтау, сабақтарға бақылау жүргізу 2. Білім класс журналының жүргізілуі – мониторинг нәтижесі
2	**Пән бірлестіктерімен жұмыс**		**Ағылшын тілі пәндерінің әдістемелік бірлестігінің апталығы «From Hogwarts to AI»**
3	**Пән мұғалімдермен жұмыс**		Ашық сабақтар кестесіндегі сабақтардың жүргізілуін қадағалау Әр түрлі марапаттауға лайықты мұғалімдерді ұсыну және т.с.с
4	**Педагог қызметкердің біліктілігі мен білімі**	**Біліктілікті арттыру қызметі**	Курстардан кейінгі қолдау көрсету шараларын ұйымдастыру
		Педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары	Аттестаттау комиссиясы және сараптама топ мүшелерінің қызметтері мен міндеттерін бөлу. Аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлерді кәсіби байқауларға қатыстыру
		Кәсіби байқауларға қатысу	«Үздік авторлық бағдарлама», «Жарқын болашақ» байқауларына қатысатын мұғалімдер мен оқушыларды іріктеу
5	**Қабілеті жоғары оқушылармен жұмыс**	**Оқушылардың ғылыми қоғамы**	Ғылыми жоба жарыстарына қатысатын оқушылардың дайындықтарын бақылау. Қалалық қосымша білім беру орталығымен, кітапханалармен, мұражайлармен байланыс орнату
		Олимпиадалық резерв.	Республикалық жалпы пәндер бойынша 5 – 6 сынып, 7 – 8 сынып, 9 – 11 сынып оқушылары арасында өткізілетін олимпиадаға қатысатын оқушыларды нақтылау, дайындықтарын ұйымдастыру
		Зияткерлік сайыстар	«Ақбота» зияткерлік сайысына қатысатын оқушыларды нақтылау.
6	**Инновациялық қызмет**	**Шығармашыл мұғалімдер мен жас мамандар мектебі**	Білім беру вебквесті: оны мектепте қалай енгізуге болады? – семинар-тренинг А.Шайхутдинова
7	**Әдістемелік сүйемелдеу іс –шаралары**		Сабақ үстінде оқушылар қызметін ұйымдастыру жолдары – оқыту сағаты

ҚАРАША АЙЫ

р/с	Атқарылатын жұмыс түрлері		Жұмыс мазмұны
1	Әдістемелік кеңес жұмыстары II отырыс		1. Дарынды оқушылармен жұмыс (Мектепішілік олимпиада материалдарын талдау, олимпиадаға дайындық барысы) 2.Химия-биология пәндерінен олимпиадаға дайындық барысы жайлы 3. «Жас ғалым» кіші мектебінің жұмыс нәтижелері
2	Пән бірлестіктерімен жұмыс		**Жаратылыстану пәні әдістемелік бірлестігінің апталығы ECO: CODE - «Табиғаттың ғылыми кодын аш!»**
3	Пән мұғалімдермен жұмыс		Мұғалімдердің ізденістері баспасөз беттерінде. «Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесі»
4	Педагог қызметкердің біліктілігі мен білімі	Біліктілікті арттыру қызметі	Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің сертификаттарын жинақтау, журналға тіркеу.
		Педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары	Аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің жетістіктерін зерделеу барысында қосымша тапсырмалар беру
		Кәсіби байқауларға қатысу	Қалалық білім бөлімінен ұйымдастырылған кәсіби байқауларға қатысу «Жаңашыл педагог» Bilimland.kz порталының сайыстарына қатысу
5	Қабілеті жоғары оқушымен жұмыс	Оқушылардың ғылыми қоғамы	1-7 сыныптар арасында өткізілетін «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысатын оқушыларды нақтылау, дайындықтарын қадағалау .
		Олимпиадалық резерв	Жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілетін республикалық олимпиаданың I кезеңіне (мектепішілікке) қатысатын оқушыларды ұйымдастыру
		Зияткерлік сайыстар	Білімалушыларды КИО олимпиадаларға қатыстыру
6	Инновациялық қызмет	Шығармашыл мұғалімдер мен жас мамандар мектебі	«Ұлағат» кіші мектебінің жұмысы: тәжірибелі ұстаздарының іс-тәжірибелерін зерделеу, жинақтау және оны тарату бағытындағы жұмыстарын жүргізу
7	Әдістемелік сүйемелдеу іс –шаралары		Дарынды оқушылардың жұмысын ұйымдастыру жолдары – оқыту сағаты

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

р/с	Атқарылатын жұмыс түрлері		Жұмыс мазмұны
1	**Әдістемелік кеңес жұмыстары**		Педагогтардың кәсіби біліктігін арттыруда білім берудің уәкілетті органдары әдіскерлердің кеңесіне сүйене отырып нәтижелі білім беруді жүзеге асыруға қажетті әдістемелік көмек алу
2	**Пән бірлестіктерімен жұмыс**		**1.Орыс тілі пәні әдістемелік бірлестігінің апталығы «Русский язык: между традицией и цифровой эпохой»**
3	**Пән мұғалімдермен жұмыс**		**2.Тарих пәні бірлестігінің апталығы «Тарихтан тағылым, заңнан тәртіп, цифрлықтан мүмкіндік»**
4	**Педагог қызметкердің біліктілігі мен білімі**	**Біліктілікті арттыру қызметі**	Білім берудегі жасанды интеллект: заманауи оқытудың келешегі мен міндеттері – дөңгелек үстел
		Педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары	Мұғалімдердің өз пәндері бойынша курстардан өтулерін қадағалау
		Кәсіби байқауларға қатысу	Аттестаттаудан өтетін педагогтармен жұмыс
5	**Қабілеті жоғары оқушымен жұмыс**	**Оқушылардың ғылыми қоғамы**	**«Үздік мұғалім-2027» (әр пән бойынша)** Педагогикалық қызметінде жетістігі жоғары педагогтерді конкурсқа қатысуды ұсыну
		Олимпиадалық мектеп	Пәндер бойынша оқушыларды ғылыми жұмыстарға баулу, 2 бағыт бойынша облыстық ғылыми жобаға қатыстыру.
		Зияткерлік сайыстар	Республикалық пәндік олимпиаданың I кезеңін ұйымдастыру
6	**Инновациялық қызмет**	**Шығармашыл мұғалімдер мен жас мамандар мектебі**	«Тарих Ата» Қазақстан тарихы бойыншы олимпиадаға оқушыларды қатыстыру
			1. Инновациялық тәжірибеге қойылатын талаптармен танысу htts//uba.edu.kz/gaz/metodology/6 2. «Кітаппен өткен демалыс күндер қызық» атты оқу марафонын
7	**Әдістемелік сүйемелдеу іс –шаралары**		Жас мамандарға оқытудың инновациялық әдістерін қолдану бойынша вебинар

ҚАҢТАР АЙЫ

р/с	Атқарылатын жұмыс түрлері		Жұмыс мазмұны
1	**Әдістемелік кеңес отырысы III отырыс**		1. Пән бірлестіктерінің I жартыжылдық есебі 2. Республикалық пәндік олимпиадасының II кезеңінің қорытындысы 3. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекетін дамыту жолдары жайлы
2	**Пән бірлестіктері мен жұмыс**		1. **Математика, физика пәндері әдістемелік бірлестігінің апталығы «Ғылым және технология: жаңа мүмкіндіктер әлемі»** 2. «Web – қауіпсіздік» ақпараттық сағаттарды ұйымдастыру,желі саяхатының ережелерімен таныстыру 3. «Оқы және өзгеге сыйла» Б.Момышұлының шығармаларынан Bookcrossing ұйымдастыру
3	**Пән мұғалімдермен жұмыс**		Мұғалімдердің ізденістері баспасөз беттерінде. «Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесі» ішіне енген басылымдарға мақалалар жариялау
4	**Педагог қызметкердің біліктілігі мен білімі**	**Біліктілікті арттыру қызметі**	НОБД базаны толтырып отыру Біліктілік курстарына жоспар бойынша мұғалімдерді қатыстыру.
		Педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары	Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, олардың өз білімін жетілдіру жұмыстарына көмек ұйымдастыру. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің шебер-сынып сабақтарын өткізу.
		Кәсіби байқауларға қатысу	Мұғалімдерді олимпиадаларға қатыстыру
5	**Қабілеті жоғары оқушымен жұмыс**	**Оқушылардың ғылыми қоғамы**	Ғылыми жоба бойынша зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргізуде ҚМУ оқытушыларымен байланыса отырып кеңес алу
		Олимпиадалық мектеп	«Бастау» бастауыш сынып оқушыларына арналған математикалық турнирына қатыстыру «Алтын сақа» 3-4 сыныптар математикалық олимпиадаға қатысу
		Зияткерлік сайыстар	Сайыстарға кестеге сәйкес қатыстыру
6	**Инновациялық қызмет**	**Шығармашыл мұғалімдер мен жас мамандар мектебі**	«Үздіктен үйрен» жобасымен YOUTUBE желісіндегі BILIM 4.0 арнасы арқылы танысу. «Үздік педагог» конкурсы жеңімпаздарының тәжірибелерімен танысу
7	**Әдістемелік сүйемелдеу іс – шаралары**		Цифрлық ұстаз жобасы - Қашықтықтан қосымша сабақтарды жоспарлау және өткізу ерекшеліктері – оқыту сабағы

АҚПАН АЙЫ

	Атқарылатын жұмыс түрлері		Жұмыс мазмұны
	Әдістемелік кеңес жоспары		Педагогикалық шығармашылықты дамытуға бағытталған педагогикалық мамандардың үздіксіз білім алулары бойынша жұмыстар жүргізу
2	**Пән бірлестіктерімен жұмыс**		**Бастауыш пәні әдістемелік бірлестігінің апталығы «Бастауыш - идеялар мекені»** «Өзің оқып, өзгеге ұсын!» READx book жобасы аясында Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жылына орай шаралар ұйымдастыру
3	**Пән мұғалімдермен жұмыс**		Білім алушың жеке тұлғасын жан-жақты үйлесімді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияны қолдануға ықпал ету.
4	**Педагог қызметкердің біліктілігі мен білімі**	**Біліктілікті арттыру қызметі**	Курстан өтуге сұраныстар беру
		Педагог қызметкерді аттестаттау жұмыстары	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің портфолиосын әзірлеуге кеңестер беру
		Кәсіби байқауларға қатысу	Білім беру уәкілетті органдардың ұйымдастырған сайыстарына қатыстыру
5	**Қабілеті жоғары оқушымен жұмыс**	**Оқушылардың ғылыми қоғамы**	Мектепішілік зерттеу жұмыстарын жүргізуде пән мұғалімдерімен байланыс жасау
		Олимпиадалық мектеп	Қабілетті оқушыларды мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене араластыру. Түрлі қашықтық олимпиадаларға қатыстыру.
		Зияткерлік сайыстар	Жоспарға сәйкес оқушыларды зияткерлік сайыстарға қатыстыру.
6	**Инновациялық қызмет**	**Шығармашыл мұғалімдер мен жас мамандар мектебі**	«Жас мамандарға арналған ТИМБИЛДИНГ»
7	**Әдістемелік сүйемелдеу іс - шаралары**		Жасанды интеллект: Chat GPT, Gamma.ai қосымшаларымен жұмыс жасау технологиясы – оқыту сабақ